

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында отын-энергетикалық кешен саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 қазан N 1508

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында отын-энергетикалық кешен саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

арасындағы отын-энергетикалық кешен саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумның жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Даниал Кенжетайұлы Ахметовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында отын-энергетикалық кешен саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы
Үкіметінің арасындағы отын-энергетикалық кешен саласындағы
ынтымақтастық туралы меморандум

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 6, 59-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы шарт негізінде тең құқықтық және өзара тиімді сауда-экономикалық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту және нығайту қажеттілігін негізге ала отырып,
отын-энергетикалық кешендерді ықпалдастыру жөніндегі келісілген жоспарлы жұмысты жүргізе отырып және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.

Тоқаевтың және Ресей Федерациясының Үкіметі төрағасының Бірінші орынбасары М. Касьяновтың 2000 жылғы 19 қаңтардағы келіссөздерінің қорытындылары жөніндегі Хаттаманы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 2000 жылғы 15 ақпандағы төртінші мәжілісінің Хаттамасын орындау үшін, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы отын-энергетикалық кешендерде өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін мынадай нақты қадамдар жасауға келісті.

Электр энергетикасы саласында

Тараптар 2000 жылғы маусымда екі елдің экономикасын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету үшін маңызды элемент болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының энергетикалық жүйелерінің қатар жұмысы қалпына келтірілгенін қанағаттанарлықпен атайды.

Тараптар электр энергетикасы саласындағы электр энергиясы мен жүйесінің ашық, тең құқықтық және бәсекелесуге қабілетті мемлекетаралық рыногын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруды көздейді.

Тараптар тиісті уәкілетті органдарға:

2000 жылдың аяғына дейін "Екібастұз ГРЭС-2" ашық акционерлік қоғамының мүліктік кешенінің негізінде бірлескен қазақстандық-ресейлік компания құруды аяқтауды, акциялардың қосымша эмиссиясын және стратегиялық инвесторды тартуды қосқанда, оның жұмысының тиімділігін арттыруға арналған негізгі іс-шараларды жүзеге асыруды бастауды;

жер қойнауын пайдалануға берілген құқықтар үшін шарттар анықтауды және өтем төлеуді қамтамасыз етуді;

"Северный" қимасының 1-4 учаскелерінің санитарлық жұмыстардың өткізілетініне байланысты экологиялық іс-шараларды жүзеге асыру үшін шарттар анықтауды және дотациялар мен жеңілдіктер беруді және 2000 жылдың 4 тоқсанында "Ресей БЭЖ" Ресейлік энергетика және электрификация акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - "Ресей БЭЖ" РАҚ) және "Аксесс Индастриз Инк" компаниясымен келісілген шеңберде "Северный" қимасының жер қойнауын пайдалану келісім-шартына қол қоюды;

2000 жылдың аяғына дейін, Тараптар мүдделерінің теңдігін сақтай отырып, бірлескен компанияның акцияларының 50%, солтүстік өндірістік-көліктік басқармасының мүлігін, "Трудовая" және "Ударная" станцияларын "Ресей БЭЖ" РАҚ-ның меншігіне беру, сондай-ақ "Северный қимасы" ЖШС-нің қарыздарын өтеу арқылы "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ-нің аталған қоғамның алдындағы қарыздарын қайта құрылымдау және өтеу тетігін толық жүзеге асыруды;

2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның бесінші мәжілісінде қарау үшін Қазақстанның электр желілік тарату компанияларының "Ресей БЭЖ" РАҚ-ның алдындағы қарыздарын өтеу жөніндегі келісілген іс-шараларды әзірледі ;

Орал электр станцияларының және Екібастұз көмір кен орны қималарының негізінде құрылатын "Орал ЖЭК" компаниясына "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" ААҚ қазақстан-ресей бірлескен кәсіпорнының қатысуының экономикалық ұтымдылығын қарастырды ;

2000 жылғы 31 желтоқсанға дейін ол арқылы электр қуатының берілуін ұйымдастыру үшін 1150 кВ кернеудегі мемлекетаралық электр қуатын беру желісін қалпына келтіруді және оны Қазақстан мен Ресейдің электр жүйелерінің жұмысына қосуды қамтамасыз етуді ;

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр жүйелерінің қатар жұмыс режиміндегі электр қуатының ағынын кедендік ресімдеу мен бақылаудың ерекше оңайлатылған тәртібін әзірледі, келісуді және оны 2000 жылдың 1 тоқсанында іске қосуды тапсырады .

Тараптар мынадай мәселелер бойынша ынтымақтастықты жалғастырады: қатар жұмыс істеу жағдайында электр энергиясы мен қуатын өндіру, беру және тарату балансы ;

энергетикалық жүйелердің қатар жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қуаттың авариялық резервтерін келісілген көлемдерде ұстап тұру;

бір Тараптың энергия өндірушілерінің екінші Тараптың электр энергиясының ішкі рыногына тең негізде қол жеткізуін қамтамасыз ететін электр энергиясы мен қуатының ашық, тең құқықтық және бәсекелестікке қабілетті мемлекетаралық рыногының қалыптасуы және дамуы ;

авариялық, табиғи-апаттар және басқа да төтенше жағдайларда бір-біріне жедел көмек көрсету ;

екібастұздық көмірдің ресейлік рыноктағы бәсекелестікке қабілеттілігін көтеруге арналған бағдарламаны әзірлеу және оның жүзеге асуын қамтамасыз ету, соның ішінде оның тасымалына арналған теміржол тарифтерін төмендету арқылы; энергетика саласындағы нормативтік-құқықтық базаны үйлестіру.

Мұнай өнеркәсібінде

Тараптар "ҚазТрансОйл" МТҰК жабық акционерлік қоғамы арқылы Кеңқияқ-Орск мұнай құбырымен Орск мұнай өңдеу зауытына ауыстыру тәсімі негізінде жеткізілетін көлемдерді қосқанда, ресейлік мұнай құбырлары жүйесі бойынша экспортқа шығатын қазақстандық мұнай транзитінің көлемін, оның ішінде Атырау-Самара мұнай

құбырының өткізгіштік қабілетін жылына 15 млн. тоннаға дейін кеңейту арқылы одан әрі арттыруды көздейтіндіктерін қуаттайды.

Тараптар Атырау-Самара, Кеңқияқ-Орск және Махачкала-Тихорецк-Новороссийск мұнай құбырларымен экспортқа шығарылатын мұнай транзитінің тоқсан сайынғы кестелерін қалыптастыру кезінде келісілген жеткізілімдердің бағыттары бойынша іс жүзінде пайдаланбаған транзиттік көлемдерді қалған тоқсандар бойынша тең құқықтық тарату қағидатына сүйенетініне міндеттенеді.

"ҚазТрансОйл" ЖАҚ Бірыңғай бағыттар орнату жүйесінің шарттарына сәйкес қазақстандық мұнай компанияларының мүдделерін қорғайтын, Атырау-Самара, Кеңқияқ-Орск және Махачкала-Тихорецк-Новороссийск мұнай құбырлары бойынша мұнай транзитін ұйымдастыру, оған байланысты шарттарды, келісім-шарттарды және басқа да құжаттарды ресімдеу бойынша Қазақстан Тарапынан бірыңғай оператор болып табылады.

Тараптар Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және Ресей Федерациясының Энергетика министрлігіне мұнайдың тиісті көлемдері жеткізілімінің, оның тасымалын қамтамасыз етудің кепілдіктері, қазақстандық мұнайдың ресейлік мұнай құбырлары жүйесімен, сондай-ақ Атырау-Самара мұнай құбыры бойынша ұзақ мерзімді транзиті туралы бірлескен құжаттың жобасын әзірлеуді тапсырады.

Тараптар КҚК мұнай құбырының құрылысын және оны пайдалануға берілуін аяқтауды көздейді.

Тараптар ресейлік Балтық мұнай құбыры жүйесіне шығу және Бургас-Александрополис мұнай құбыры жүйесін салу жобасына қазақстандық компаниялардың қатысуы арқылы қазақстандық мұнайды экспортқа жеткізу мүмкіндігін қарастыруға уағдаласты.

Тараптар Махачкала-Тихорецк-Новороссийск мұнай құбырын жүктеуді арттыру және оны ұтымды пайдалануға ықпал ететін болады.

Тараптар Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және Ресей Федерациясының Энергетика министрлігіне Орск мұнай өңдеу зауытына ұзақ мерзімде мұнай жеткізіп тұру туралы келісім жасау жөнінде тиісті шаруашылық субъектілермен келіссөздер жүргізуді тапсырады.

Г а з с а л а с ы н д а

Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамы мен "Газпром" РАҚ-ын қатыстыра отырып, қазақстандық арналы газ құбырларын басқару жөнінде бірлескен кәсіпорын құруды қолдайды.

Тараптар қазақстандық газдың Қарашығанақ мұнай газ конденсаты кен орнынан Ресей Федерациясына және ресейлік газдың Қазақстан Республикасының солтүстік

және орталық облыстарына өзара алмасу сызбасы бойынша жеткізуді жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады.

Тараптар Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және Ресей Федерациясының Энергетика министрлігіне:

Қарашығанақ кен орнынан ұзақ мерзімді кезеңге тұрақты емес газ конденсаты мен шикі газды Орынбор газ өңдеу зауытына жыл сайын жеткізіп тұру мүмкіндігін қарастыруды;

Қазақстан мен Ресейдің аумақтарындағы газ көздерінен Астана қаласын газбен жабдықтау нұсқаларының жасалуын тездетуді;

"Газпром" РАҚ-ның қатысуымен газды Қытайға және басқа елдерге тасымалдау саласындағы, сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы түрікмендік газдың транзиті бойынша бірлескен ықтимал жобалар жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырғанды ұтымды деп есептейді.

Т а р а п т а р :

екі мемлекеттің аумақтары бойынша мұнай мен газды құбыр және теміржол көлігімен транзиттеудің;

өзара ұтымды негізде Қазақстан мен Ресейдің, сондай-ақ үшінші елдердің мұнай өңдеу зауыттары мен мұнай химиялық кешендерінде көмірсутегі шикізатын қайта өңдеудің;

Тараптардың шаруашылық субъектілеріне екі мемлекеттің аумақтарында мұнай мен сұйытылған көмірсутегілерді қабылдаудың, сақтаудың, үйіп-төгудің өндірістік инфрақұрылым объектілері бар теңіз терминалдарының құрылысын жүргізуде көмектесудің;

екі мемлекеттің, сондай-ақ үшінші мемлекеттердің мұнай газ кешендерінің объектілеріндегі жұмыстарға қазақстандық және ресейлік мамандандырылған құрылыс және сервистік ұйымдарды тартудың мәселелері бойынша бірыңғай саясат жүргізетін болады.

Тараптар осы Меморандумның ережелерін орындауды қамтамасыз ететін қажетті ұйымдық іс-шараларды жүргізетін болады, және оларды орындау барысын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның бесінші мәжілісінде қарайтын болады.

Астана қаласында 2000 жылғы 9 қазанда екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК